



**ЕРКІНДІК ЖАЛПЫ
БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІ**

**ЕРКИНДИКСКАЯ
ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА**

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

4.01.2022ж № 4к

Еркіндік ауылы

село Еркіндық

Әлеуметтік жағдайы төмен және
1-4 сынып оқушыларын ыстық
тамақпен қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы XLIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» № 588 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» №598 бұйрығына сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 жылғы №235 бұйрығымен еңгізілген өзгерістерді ескете отырып), сондай-ақ Қарағанды облысы білім басқармасының 27.01.2021 жылғы №94 «Қарағанды облысының жалпы білім беру ұйымдарының оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету» бұйрығына Шет ауданының білім бөлімінің 2021 жылғы 28 қаңтардағы № 1-3/12 «Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұсыну үшін құжаттар қабылдау» мемлекеттік стандарты негізінде жазылған қатынас хатына сәйкес әлеуметтік жағдайы төмен отбасылары оқушыларын және 1-4 сынып оқушыларын ыстық тамақпен қамту мақсатында **Б ұ й ы р а м ы н:**

1. 2022 жылдың 1-қаңтарынан бастап 1-11 сынып білім алушыларынан анықталған әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларының мектеп жасындағы балалар тізімі жалпы сыныптар бойынша жасалып (қосымша-1), ыстық тамақпен қамтылуы ұйымдастырылсын;
2. 2022 жылдың 1-қаңтарынан бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1,2,3,4-сынып оқушыларын (қосымша-2) ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмыстары ұйымдастырылсын;
3. Мемлекеттік сатып алу тендерін ұтып алған кәсіпкермен келісім шарт жасалсын;
4. Білім алушылардың жасына байланысты тағамдарды, сондай-ақ үлестердің массасын граммен көрсете отырып, перспективті мәзірді бекіту кезінде 1, 2

қосымшаларға сәйкес 1-4 сыныптардың білім алушылары үшін және халықтың әлеуметтік осал топтарынан 1-11 сыныптарынан білім алушылары үшін әзірленген бірыңғай ас мәзірі ұсынылсын;

5. Күнделікті азық-түліктің сапалық құрамын бақылап отыру мектеп медбикесі Б.Тұлытаеваға жүктелсін;

6. Асхананы қажетті құрал-жабдықтар мен ыдыс-аяқпен жабдықтап, асхананың тазалығы талапқа сай болуын қадағалау мектептің шаруашылық меңгерушісі Е.Жақановқа жүктелсін;

7. Осы Бұйрықтың орындалуын ұйымдастыру мен бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары О.А. Шариповаға және әлеуметтік педагог Г.Е.Ақпанға жүктелсін.

Негізі: Шет ауданының білім бөлімінің 2021 жылғы 28 қаңтардағы № 1-3/12 «Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санат-тарына тегін тамақтандыруды ұсыну үшін құжаттар қабылдау» мемлекеттік стан-дарты негізінде жазылған қатынас хаты

Директор



А.А.Амирова

А.А.Амирова

Таныстым:

Таныс
Таныс
Таныс